


## жаңылыктар 2016-2017ж

### Салтанатты құттықтау.

2017 жылдың 27 желтоқсан күні №2 Ақтау қалалық емхана басшылығы емхана ұжымын Жаңа жылмен құттықтады. №2 АҚЕ директоры Төлегенов Бектібай Жаңабергенұлы ұжымын құттықтап, барлықтарына денсаулық, сәттілік және бақыт тіледі. Зейнетке шыққан қызметкерлерді құттықтап, естелік сыйлықтар табыс етті.

Одан әрі шара марапаттау рәсіміне ұласты: Б.Ж.Төлегеновке, А.Қ.Нұрғожаеваға, Г.С.Молбаеваға, А.Д.Ізбергеноваға, Б.Әліповаға, Ф.Немышоваға, А.Биғожаеваға, М.А.Сағындықоваға, М.Бәуешқызына Н.И. Пирогов ордені табысталды.









## Қызметкерлер балаларына арналған жаңа жылдық шырша мерекесі.

Бүгін, 2017 жылдың 27 желтоқсан күні емхана холында қызметкерлер балаларына арналған Жаңа Жылдық шырша мерекесі ұйымдастырылды. Мерекелік бағдарламаны №2 АҚЕ директоры Б.Ж.Төлегенов құттықтау сөзімен ашты.

Мерекелік шарада кішкентай бүлдіршіндер көңілді сайыстарға қатысты, түрлі әндер мен билер биледі, тоқпақтар айтып, ойындар ойнады. Жаңа жылдың басты кейіпкерлері Аяз Ата мен Ақша қар балаларға арналған сыйлықтарын табыс етті. Мереке көңілді және қызықты өтті. Барлық балалар мереке қарсаңында ерекше қуанышқа бөленді.





## Тәуелсіздік күніне орай марапат рәсімі.

2017 жылғы 15 желтоқсанда Облыстық қан орталығында Тәуелсіздік күніне орай бір топ медицина қызметкері марапатталды. №2 Ақтау қалалық емханасынан :ҚРДСМ

1. А.Ш.Балтаева, бөлімше меңгеруші "Денсаулық сақтау саласының үздігі" белгісімен,
2. Л.В. Бабаева, дәрігер -зертханашы ҚРДСМ Еңбек ардагері төс белгімен:
3. М.С.Ұзақбаев -нормативтен тыс медициналық қызметтер көрсету бөлімшесінің меңгерушісі, Маңғыстау облысы денсаулық саласының ардагерлер қауымдастығы атынан " Маңғыстау денсаулық сақтау саласының ардагері" естелік белгісімен;
4. З.Х. Бердіханова - педиатр дәрігер ҚРДСМ" Құрмет грамотасымен" марапатталды.
5. Л.К.Елубаева - педиатр дәрігер, ҚРДСМ " Құрмет грамотасымен" марапатталды.





### **Семинар.**

Бүгін, 22 желтоқсан күні "Нейрон" ЖШС мәжіліс залында "БМСК қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидаттары" тақырыбында семинар өтті.

№2 Ақтау қалалық емхананың директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Н.Нурллина "Халықтың нысаналы топтарына скринингтік тексерулер жүргізу" тақырыбында баяндама жасады.



## Алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейіндегі бағдарлама

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарлама алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде бағдарламаны жүзеге асыру мақсаттар, нысаналы индикаторлар және нәтижелер көрсеткіштерін қояды.

Бағдарламаның мақсаты: Еліміздің орнықты әлеуметтік - экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту.

Алғашқы медициналық- санитариялық көмек деңгейінде осы мақсатқа қол жеткізу мына нысаналы индикатормен өлшенетін болады.

1. Ана өлім-жітіміне жол бермеу ,сәбилер өлім-жітімін төмендету.
2. Жүрек және қан айналымы жүйесінің ауруларынан болатын өлім жітімді төмендету.
3. Жіті инсультарды жүйелі басқару.
4. Жарақаттардан оқыс оқиғалардан болатын өлім-жітімді төмендету.
5. Жаңа қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімді төмендету.

## Тәуелсіздік күнімен!

Бүгін емхана басшылығы ұжымды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Емхана директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары А.Н.Нурллина сөз алып, былай деді:

- Құрметті әріптестер, Тәуелсіздік күні дегеніміз ертеңгі бейбітшілік күнге кепіл болып келетін мереке. Біз еліміздің тәуелсіздігін мақтан тұтамыз және Отанымыздың жарқын болашағына сенеміз. Мереке қарсаңында Сіздерге тілейтінім зор денсаулық, мақсат - жолдарыңызға сәттілік.





### Дөңгелек үстел

Ағымдағы жылдың 12-желтоқсан санында " Silk way " қонақ үйінің мәжіліс залында " Маңғыстау облыстық азаматтық альянсы " мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүргізілген

жобаларды қортындылау бойынша дөңгелек үстел болып өтті. Шара барысында әр бір жоба бойынша қол жеткізілген нәтижелер баяндалып, талқыға салынды. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жүргізілген қоғамдық мониторинг мәселесі бойынша №2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру - әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары А.К.Жакешева өз сөзінде:

- алғашқы медициналық - санитариялық көмек көрсететін медицина ұйымына азаматтарды бекіту тұрақты немесе уақытша тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылатынын;
- медициналық ұйымға бекітілу талоны азаматтың МСАК ұйымына бекітілгені туралы куәландыратын құжат болып табылатынын ;
- МСАК ұйымына бекіту еркін нысандағы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжат негізінде жүзеге асырылатынын ескертті.









**Тұңғыш президент күніне арналған салтанатты шара.**

2017 жылғы 29 қараша күні №2 Ақтау қалалық емханасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындаудан басталды.

№2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру- әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Жакешева кіріспе сөзінде былай деді: " ... 1991 жылғы 1 желтоқсанда алғаш рет жалпыхалықтық сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тұңғыш Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқандардың 98,7 пайызы дауыс беріп, мемлекеттік басшысы ретіндегі сенімін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа жүктеді. 1991 жылғы 10 желтоқсанда " Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауын өзгерту туралы" Заң қабылданып, Қазақстан Республикасы болып қайта аталды". Соңынан шараға қатысушыларға " Н.Назарбаев- дәуір адамы" атты видеофильм көрсетілді.









## ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ.

2017 жылы 29 қараша күні Тұңғыш Президент күніне орай №2 Ақтау қалалық емханасында "Ашық есік күні" өтті  
Аталмыш шара кезінде келушілерге тегін тексерулер жүргізілді.

- қан-қысым өлшемі
- бои және салмақ
- көз ішінің қысымын өлшеу
- ЭКГ жүргізу
- кеуде ағзаларының флюорографиясы
- сүт бездерін УДЗ жүргізу
- маммография
- ер және әйел қаралу кабинеттерінде тексерілу
- психолог кеңесі










## **МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫС**

2017 жылғы 27 қараша күні №2 Ақтау қалалық емханасының холында директорының ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Қ.Жакешева емхана келушілеріне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізді.





## **МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ - ТҮСІНДЕРМЕ ЖҰМЫС**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық - түсіндірме жұмыс жүргізу шеңберінде №2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру - әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Жакешева, 2017 жылғы 28 қараша күні емхана холында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық - түсіндірме жұмысын жүргізді. Кездесудің мақсаты - халықты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы

ақпараттандыру.  
Кездесу соңында қатысушыларға МӘМС туралы баспа өнімдері таратылды.






Халықаралық темекіден бас тарту күні.





## "ЖИТС-КЕ ҚАРСЫ КҮРЕС"

2017 жылы 17 қараша күні №2 Ақтау қалалық емханасында ЖИТС-ке қарсы күрес науқаны бойынша "Ашық есік күн өткізілді" Емхана холында ЖИТС орталығымен бірлесіп, халыққа тегін экспресс тест жүргізілді және ЖИТС-ке қарсы баспа өнімдері таратылды.






## Ашық есік күні

Ағымдағы жылдың 7 қараша күні Ш.Есенов атындағы " Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде" " Өз денсаулығын - өз қолында" тақырыбында Ашық есік күні өтті. Шараның басты мақсаты - қауіп - қатер мінез - құлық факторларының жұқпалы әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мәселелері бойынша жастарды кеңінен ақпараттандыру. Аталмыш шараға №2 Ақтау қалалық емханасының уролог - дәрігері Б.Саламат, гинеколог - дәрігері К.Медетова қатысып, өз салалары бойынша жастарға кеңестерін берді.







## Дөңгелек үстел

Ағымдағы жылдың 8 қараша күні Ақтау қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінде №2 Ақтау қалалық емханасының акушері П.Пошанова және жалпы тәжірибе дәрігері Г.Шапенова " Ерте жастағы қалаусыз жүктілік. Жыныстық жолмен таралатын жұқпалар" тақырыбына дөңгелек үстел өткізді. Колледж студенттері шараға белсене қатысты, ал дәрігер - мамандары жастардың сұрақтарына нақты жауаптар берді.





## Оқыту семинары

6 қараша күні №2 Ақтау қалалық емханасының конференц-залында Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының психолог-маманы М.С.Мустафинамен бірлесе

"Тұрғааралық қарым-қатынас. Медицина қызметкерінің этикасы мен деонтологиясы" тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Емхана қызметкерлері семинар барысында әр түрлі тестілерден өтіп түрлі жағдайларда өзін әдепті ұстау қабілеттілігін және зейін деңгейлерін көз жеткізді. Шара өте қызықты әрі тартымды өтті.







### **МӘМС бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыс**

2017 жылғы 31 қазан күні № 2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Жакешева емхана холында келушілермен кездесіп, міндетті элеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізді. Барлық емхана келушілеріне МӘМС туралы баспа өнімдері таратылды.








## **29 қазан - дүниежүзілік инсультпен күрес күні**

Инсульт- бастық қан айналым жүйесінің жедел бұзылысы. Қазақстанда жыл сайын 40 000 нан астам адам аталған дертке шалдығып, 5 000 адам алғашқы 10 күннің ішінде кәз жұмады екен. Инсультке шалдыққан әр үшінші емделуші бөгде адамның күтіміне және кәмегіне мұқтаж болса, әр бесінші емделуші өз бетінше жүре алмайды, тірі қалған бесеуінің тек қана біреуі денсаулығын қалпына келтіріп әдеттегі өміріне қайта оралады екен.

Дүниежүзілік инсультпен күрес күні аясында 2017 жылғы 30 қазан күні №2 Ақтау қалалық емханасында Ашық есік күні өтті.








## Оқыту семинары

2017 жылдың 25 қазанында №2 Ақтау қалалық халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары Б.Е.Балымова мен Б.Н.Шангреева №2 Ақтау қалалық емханасы қызметкерлері үшін "Электрондық цифрлық қолтаңба" тақырыбында оқыту семинарын өткізді. Семинар барысында электрондық цифрлық қолтанбаны алу және қолдану тәртібі, сондай-ақ электрондық ақпараттық технологиялар арқылы әр түрлі құжаттарды алу тәртібі жан жақты түсіндірілді.








### **Президенттік тест чемпионаты**

2017 жылғы 21-22 қазан күндері Ақтауда еңбек ұжымдары арасында қалалық Президенттік тест чемпионаты "Маңғыстау арена" спорттық кешені, "Каспий" стадионы, "Ақтау" СОК жүзу бассейні базасында өтті.

Екі күн бойына қатысушылар спорттың 5 түрінен: снарядты лақтыру, күштік гимнастика, ұзындыққа секіру және жүзуден жарысты. №2 Ақтау қалалық емханасының ұжымы барлық сынақтардан сүрінбей өтіп, жақсы нәтиже көрсетті.







### **Мемлекеттік қызметтер жәрменкесі**

2017 жылғы 20 қазанда Маңғыстау облысы кәсіпкерлер палатасында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жәрменкесі өтті. №2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.К.Жакешева аталмыш шараға қатысып, денсаулық сақтау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін түсіндірді.






### **МӘМС - дың негізгі қағидаттарын түсіндіру**

2017 жылғы 13 қазан күні Облыстық қан орталығы конференц- залында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың негізгі қағидаттарын түсіндіру бойынша шара өтті. Аталған шара барысында №2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру- әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Жакешева А.К. сөз алып: "Біздің басты мақсатымыз - халыққа міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы толық ақпарат беру", - деді







### **Дүниежүзілік психикалық денсаулық күні**

10 қазанда әлемде Дүниежүзілік психикалық денсаулық күні аталып өтіп келеді. Бұл күні № 2 Ақтау қалалық емханасында Ашық есік күні ұйымдастырылған болатын. Емхана психологі Б.Иманалиева жасөспірімдер арасында " Күйзеліс жағдайларын алдын алу" тақырыбына семинар жүргізді.







### **"Жрви, тұмау және пневмококк инфекциясының алдын алу" айлығы**

2017 жылғы 1 қазан мен 1 қараша аралығында облысымызда "ЖРВИ, тұмау және пневмококк инфекциясының алдын алу" айлығы өткізілуде. Осыған орай 2017 жылғы 11 қазан күні №2 Ақтау қалалық емханасында "Эпидемиологиялық қадағалау дегеніміз не?", "ЖРВИ мен тұмауды алдын алу шаралары" тақырыбында оқыту семинары өтті. Семинарды №2 Ақтау қалалық емханасының эпидемиолог - дәрігері А. Ибрашева жүргізді.







## Велошеру

"Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында 2017 жылдың 7 қазан күні Ақтауда велошеру өтті. Спорттық шараға қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. №2 Ақтау қалалық емханасының дәрігерлері велошеру қатысушыларының қан қысымын өлшеп, жәй - күйін қадағалап, шараның қауіпсіз өтуін қамтамасыз етті.





### **1 қазан - дүниежүзілік қарттар күні**

Жыл сайын 1 қазанда бүкіл әлемде Халықаралық қарттар күні аталып өтеді. Бүгін, аталмыш мереке қарсаңында, №2 Ақтау қалалық емханасының эндокринолог - дәрігері Р.М.Мендикулова және жалпы тәжірибе дәрігері Д.М.Булекбаева қарттар үйіне барып қайтты.

Олар қарттар үйінің тұрғындарына қан құрамындағы қант пен холестерин деңгейін анықтайтын талдау жасап, кеңес берді және әр қайсысына тиісті ем тағайындады. Өз кезеңінде қариялар көңіл, бөліп, сырқаттарын жазуға келген дәрігерлерге ризашылықтарын білдірді.













## **29 қыркүйек - дүниежүзілік жүрек күні**

29 қыркүйек - Дүниежүзілік жүрек күні. Бұл күн 1999 жылдан бері аталып келе жатыр. Дүние жүзінде жүрек ауруына байланысты жылына 17 миллион адам көз жұмады екен. Осыған орай, №2 Ақтау қалалық емханасы Облыстық өмір салтын ұйымдастыру орталығымен бірлесіп 2017 жылдың 29 қыркүйегінде 31 шағынауданда орналасқан "Мағаш" сауда базарында кең көлемді шара ұйымдастырды. №2 Ақтау қалалық емханасының жалпы тәжірибе дәрігері Қ.К.Асанова тұтынушыларды артериалды қан қысымын өлшеп, оларға кеңес берді. Сондай -ақ артериалды қан қысым жоғарылағандарға алғашқы медициналық көмек көрсетті.







## **АҚТАУ ҚАЛАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ВЕЛОШЕРУ.**

2017 жылдың 23 қыркүйек күні Ақтау қаласы күніне орай велошеру өтті. Спорттық шараға қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

№2 Ақтау қалалық емханасының дәрігерлері велошеру қатысушыларының қан қысымын өлшеп, жәй - күйін қадағалап, шараның қауіпсіз өтуін қамтамасыз етті.







## **Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық - түсіндірме жұмыс.**

2017 жылғы 19 қыркүйек күні №2 Ақтау қалалық емханасы педиатриялық бөлімшесінің меңгерушісі А.Д.Избергенова балалар бөлімшесі холында келушілермен кездесіп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық - түсіндірме жұмысын жүргізді. Барлық емхана келушілеріне МӘМС туралы баспа өнімдері таратылды.







## Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыс.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық - түсіндірме жұмыс жүргізу шеңберінде №2 Ақтау қалалық емханасының жалпы тәжірибе дәрігер Ж.Д.Смайлова 2017 жылғы 6 қыркүйек күні Әділет департаментінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша ақпараттық - түсіндірме жұмысын жүргізді.

Кездесудің мақсаты - халықты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы ақпараттандыру. Өз сөзінде Ж.Д.Смайлова былай деді: " Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілсе, елімізде медициналық көмек көрсету деңгейлі көтеріледі, дәрігерлердің жалақысын көбейтуге мүмкіншілік туады. Ауруханалар жоғары сыныпты құрал - жабдықтар мен қымбат дәрі - дәрмек сатып ала алатын болады".


Кездесу соңында қатысушыларға МӘМС туралы баспа өнімдері таратылды.



## Инфографалар







**Инфографалар**









## Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» бағдарламасы

### КІРІСПЕ

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім.

## I. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымы сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.

### 1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

### 2. Прагматизм

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз

аяусыз жыртылды. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды.

Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

### **3. Ұлттық бірегейлікті сақтау**

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар.

Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?

Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Өуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері,

ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.

Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс.

Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға өсте болмайды.

Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді.

Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп,

байыбына барғанын қалаймын.

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

**4. Білімнің салтанат құруы**  
Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

**5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы**  
Биыл Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан айындағы оқиғаға 100 жыл толады. Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды. Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. XX ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді. Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл – ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді.

Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша

маңызды.

Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

**6. Сананың ашықтығы**  
Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей. Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін ерікпеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты.

Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

## **II. ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР**

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын.

Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық.

Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер.

VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды.

Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды.

Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен

араб әліпбиі тарала бастады.  
X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды.  
1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.  
Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім.  
Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз.

Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек. Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек.

2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады.

Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз.  
Оның мәні мынада:

1. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

2. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз.

3. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн.

Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз?

Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.

Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша,

болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.

Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек.

Бұл – мемлекеттің міндеті.

Үкімет мұны аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек.

Үшіншіден, Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады.

Мәселен, «Ауылым – өнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер.

Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ.

Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс.

Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет.

Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек.

Бұл жерде де көп жұмыс бар.

Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады.

Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады.

Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады.

Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек.

Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз.

Биыл Үкімет жұртшылықпен ақылдаса отырып, жобаны әзірлеуі керек. Онда үш мәселе қамтылғаны жөн. Нақтырақ айтқанда:

1. Аталған «Мәдени-географиялық белдеудің» рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындығын жүргізу қажет.

2. БАҚ осыдан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде, мықтап айналысуы керек.

3. Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар.

Бесіншіден, заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. АҚШ-тың «қырғи-қабақ соғыс» кезіндегі табысының қомақты бөлігі Голливудтың еншісінде. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де таныуы керек.

Бұл жоба нені көздейді?

Бірінші, отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс. Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек.

Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиялық тәсілдермен де шыққаны абзал.

Төртінші, бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі

керек.

Бесінші, бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым, оның ішінде Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы, университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек.

Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз.

2017 жыл жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болмақ. Содан соң бірегей бағдарламаны 5-7 жылда тыңғылықты жүзеге асырамыз.

Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады.

Алтыншыдан, ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс.

Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн.

Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ.

Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады.

Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс.

Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн.

1. Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту.

2. Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

3. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

## **ҚҰФ: Дәрі-дәрмектер туралы шындық**

Қазіргі таңда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қоғамның және денсаулық сақтау жүйесінің күрделі әлеуметтік ауыртпалығы бола отырып, мемлекетке айтарлықтай мәселелер туғызатындығы анық. Жыл сайын ондаған жаңа дәрілік заттар пайда болады. Қандай да бір аурудан кезекті «ғажайып-зат» сатып алуға итермелейтін жарнама, біздің әр қадамымызда орын алады. Осындай ақпарат көптігінен адамның, тіпті денсаулық сақтау саласының маманына дұрыс таңдау жасау қиындыққа түседі. Нақты осы мәселені шешу 2016-2019 жылдарына арналған денсаулық сақтауды дамытудың «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде құрылған, Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға жүктелді. Жобаның бастаушысы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті болды. Ұлттық формулярды құрастыру бойынша жұмыстар өткен жылдан басталған. Нәтижесінде 2016 жылдың мамыр айында ҚҰФ пилоттық тәртіпте іске қосылды. Осылайша, Қазақстан ТМД елдерінің ішінде осындай ақпарат қорын құрастарған алғашқы елдің бірі болды.

ҚҰФ құрастыруға отындық мамандармен бірге Европа және Жаңа Зеландияның тәжірибелі фармакологтары тартылды. Отандық және шетелдік сарапшылардың бірауыздан айтқан пікірі бойынша, ҚҰФ - бұл дәрілік заттарды ұтымды пайдалану және, дәрілік заттарды тиімді, ұтымды сатып алу есебінен бір мезгілде, бюджеттік қаражатты үнемдеуге мүмкіндік беретін бірегей жоба болып табылады.

«Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр» келесідей өршіл мақсаттары бар: тек жаңа білім қорларымен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар барлық формулярлық жүйені нығайтуға және тек дәлелденген тиімділігі бар дәрілік заттарды пайдалануға мүмкіндік беретін алғашқы формуляр. «ҚҰФ қазіргі таңда Орталық Азия, және бәлкім, бүкіл әлем бойынша дәлелді ақпараттың жетекші көзі болып табылады», - деп формулярлардың ең үздік әлемдік үлгісі ретінде танылған, Британдық ұлттық дәрілік формулярының экс- директоры Дункан Энрайт санайды.

ҚҰФ құрылымы ДДСҰ АТХ жіктелуі бойынша құрастырылған. Препарат туралы барлық қажетті деректер бір бетте орналастырылған. Ұлттық формуляр тек дәрігерлерге ғана емес, сонымен қатар жалпы халық үшін онлайн тәртіпте [www.knf.kz](http://www.knf.kz) сайтында мемлекеттік және орыс тілінде қолжетімді.

ҚҰФ құрастыруда фармакотерапия жүргізудің озық әлемнің тәжірибесі қолданды. Медикаменттерге бағалардың шекті деңгейлері көрсетілуіне байланысты, ҚҰФ әр азаматқа оның әлеуметтік мәртебесі және табысына байланыссыз тиімді дәрілік көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Формулярдың жүйелі жаңартылуы медицина қызметкерлеріне препараттар туралы, оларды тәжірибеде қолданылуы жайлы деректер алуға, мамандар біліктілігін тұрақты арттыруға және ұтымды фармакотерапия саласында білімін жетілдіруге септігін тигізеді.

Шын мәнінде, дәрілік формуляр- елдің клиникалық медицина бағыттарының жетекші мамандарымен және денсаулық сақтау және дәрілік заттар саласындағы уәкілетті органдармен келісілген, клиникалық тәжірибеде қолданылатын дәрілік препараттардың оңтайлы тізімі. ҚҰФ қолданылатын дәрі-дәрмектер номенклатурасын оңтайландырады, стационар және амбулаториялық деңгейде терапия бірізділігін қамтамасыз етеді деп есептеуге барлық негіз бар.

**Қазақстандық Ұлттық Дәрілік Формулярмен қалай қолдануға болады**  
ҚҰФ тегін қор болып табылады. Іздестіру көмегімен дәрілік препаратқа бекітілген атауынан, қолдану тәсілі және дозасынан, сақтық шараларынан, қолдануға болмайтын жағдайларынан, дәрілермен өзара әрекеттесуі, бауыр және бүйрек жеткіліксіздігі кезіндегі қолдану тәсілінен, жүктілік және бала емізу кезінде препаратты қолдану жөніндегі ескертпелерден, сонымен бірге жанама әсерлерінен тұратын монография табуға болады. ҚҰФ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі шекті бағалары бар саудалық атаулары көрсетілген дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауларынан құрылған. Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің м.а. 2016 жылғы 15 шілдеде № 622 бұйрығымен бекітілген дәрілік заттар тізімі – бұл бөлінген бюджет қаражаттарын ескере отырып тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік қамтамасыз ету үшін Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярынан алынған дәрілік заттар тізімі. Дәрілік заттар Анатомиялық- терапиялық- химиялық (АТХ) жіктелуіне сәйкес келтірілген. Монографияларда Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының деректер қорына сілтемелер бар. Дәрілік заттардың топтарының сипаттамасы қолданушыларға фармакологиялық топқа препараттың тиістілігі туралы жалпы түсінік және топ ішіндегі дәрілік заттардың маңызды айырмашылықтары туралы қосымша ақпарат береді. Сіз шешімдер қабылдауда Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттар туралы дәлелді медициналық ақпарат көзі ретінде ҚҰФ сенім артуыңызға болады. ҚҰФ жұмысын жақсартуға арналған барлық ұсыныстарыңызды [knf@rcrz.kz](mailto:knf@rcrz.kz) электрондық мекенжайға жіберулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен «ҚҰФ» Редакциясы

## Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша түсіндірме жұмыс

№2 Ақтау қалалық емханасы директорының орынбасары Жакешева Ақыл Қойшыбайқызы «Жігер» сауда орталығындақала тұрғындарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидалары, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың ұтымды жақтары туралы толыққанды мәліметтер берді, сонымен бірге ол жұмыс беруші мен жұмысшыларға қойылатын талаптарға тоқталып, барлық санат азаматтарына қатысты төлем критерийлерін түсіндірді. Өз сөзінде: « Әр сақтандырылған адам не ұтады?

Біріншіден, қолжетімділік медициналық қызмет, сапалы медициналық көмек, тегін дәрі-дәрмектер, өз құқықтары мен мүддесін қорғау, өз денсаулығы туралы толық ақпарат. Әлеуметтік маңызы бар дерттерге мемлекет тегін медициналық көмек, жедел жәрдем көмегі мен санитариялық авиацияға, профилактикалық егулерге кепіл береді. МӘМС-дың үш негізгі қағидаты бойынша әр тұрғын жүйеге қатысуы керек, төленген жарна сомасына қарамастан әрбір сақтандырылған қатысушы қызметтердің толық топтамасын алуға құқығы бар және де денсаулықты сақтау ауыртпалығын тең дәрежеде мемлекет, жұмыс беруші және әр адам көтереді,- деді Ақыл Қойшыбайқызы. Кездесуге қатысқан барлық азаматтарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы баспа өнімдері таратылды.





### **Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша түсіндірме жұмыс**

Өңірімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жалғасуда. Бүгін мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында кезекті кездесу өтті. №2 Ақтау қалалық емханасы директорының орынбасары Жакешева Ақыл Қойшібайқызы қала тұрғындарына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі үш қағидасы жөнінде, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың ұтымды жақтары туралы толық мағлұмат берді, сонымен бірге ол жұмыс беруші мен жұмысшыларға қойылатын талаптарға тоқталып, барлық санат азаматтарына қатысты төлем критерийлерін түсіндірді. Кездесуге қатысқан барлық азаматтарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы баспа өнімдері таратылды.







## **МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫС**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша түсіндірме жұмыстары жалғасын табуда. №2 Ақтау қалалық емханасы директорының орынбасары Жакешева Ақыл Қойшібайқызы Сары базарда бір топ жеке кәсіпкерлер, қала тұрғындары және қонақтарымен кездесіп, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі үш қағидасы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың ұтымды жақтары туралы толық мағлұмат берді, сонымен бірге ол жұмыс беруші мен жұмысшыларға қойылатын талаптарға тоқталып, барлық санат азаматтарына қатысты төлем критерийлерін түсіндірді. Кездесуге қатысқан барлық азаматтарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы баспа өнімдері таратылды.









### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ**

2017 жылғы 4 тамыз күні «Парасыз болашаққа. Бірге!» ұранымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ №2 Ақтау қалалық емханасының ұжымымен кездесу өткізді. Кездесу барысында мобильді топ мүшелері Елбасымыздың 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында мемлекетіміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін түсіндіріп, кездесуге қатысушыларды осы қоғамдық дертпен бірге күресуге шақырды. Қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы жөнінде бейнероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылды. Кездесу соңы жиылған қауымның ұсыныстары мен ой-пікірлеріне ұласты.





### **Дәстүрлі емес діндердің қауіптілігі**

Маңғыстау облыстық дін істері бойынша басқармасының Дін мәселелері бойынша ақпараттық-талдау орталығының қызметкері Бисембаева Айгүл №2 Ақтау қалалық емханасында ақпараттық-түсіндірме шарасын өткізді. Шара барысында Бисембаева А.емхана қызметкерлеріне халықтың діни сауаттылығы туралы әңгімеледі. Өз сөзінде ол: «Дін бүгінгі таңда аса маңызды әлеуметтік институт. Діни қауымдар мен түрлі ағымдар туралы, олардың зияны туралы әр адам тереңірек білуі керек. Тек сонда ғана біз өзімізді қорғай аламыз»-деп, мемлекетіміздің дін саласындағы саясатының негізгі бағыттары мен міндеттерін нақты түсіндірді.





## Вирустық гепатиттің алдын алу бойынша тренинг семинары.

Елімізде 24 шілде мен 22 тамыз аралығында вирустық гепатиттің алдын алу бойынша айлық өтілуде. Осыған орай, 24-ші шілде күні ОСӨСҚПО бірлесіп, №2 Ақтау қалалық емханасында медицина қызметкерлері үшін "Вирустық гепатиттің алдын алу" тақырыбында тренинг - семинары өтті. Семинарда вирустық гепатиттің алдын алудың негізгі аспектілері талқыланып қаралды.







### **МӘМС жүйесін түсіндіру жұмыстары**

2017 жылы 14 шілде күні №2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру - әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.К. Жакешева міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері жөнінде емхана емделушілеріне түсіндіру жұмысын жүргізіп, олардың көкейіндегі сұрақтарына толыққанда жауап берді.





## Баспасөз күні

28 маусым елімізде баспасөз күні ретінде аталып өтеді. Осыған орай, №2 Ақтау қалалық емханасының директоры Б.Ж.Тулегенов өңіріміздің журналистерімен кездесіп, оларды төл мерекелерімен құттықтады.

«Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында адамдар өңірде, елімізде және әлемде болып жатқан оқиғалардан шынайы ақпарат алады. Келешекте осы ынтымақтастығымыз жемісті жалғасын табады деп сенемін. Кәсіби мерекеге орай баршаңызға мықты денсаулық, шығармашылық ізденіс, ұшқыр ой мен жақсы жаңалықтар тілеймін,- деді ол құттықтау сөзінде.

Кездесу барысында журналистерге Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.









## **Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіру жұмыстары**

Маңғыстау облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін түсіндіру бойынша ақпараттық-насихаттау жұмыстары жалғасуда. №2 Ақтау қалалық емханасы директорының орынбасары А.К.Жакешева «Емханаға тіркел де, МӘМС жүйесіндегі өз мәртебеңді анықта!» ақпараттық науқан аясында, Ақтау қаласындағы Халыққа қызмет көрсету орталығында кезекті шара өткізді.

Шара барысында ол 2017 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілетінін, МӘМС мемлекеттің, жұмыс берушінің және әрбір адамның ортақ жауапкершілігіне негізделгенін мәлім етті. Сондай-ақ, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізгеннен соң медициналық көмек көрсетудің деңгейі айтарлықтай өсетіні туралы әңгімеледі.

«МӘМС адамға өз тарапынан қаражат шығармай, тексерілуден өтіп, ем алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге МӘМС жүйесі дәрігерлердің жалақысын арттыруға, жалпы тәжірибе дәрігерлері санын көбейтуге, амбулаторлық дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету желісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Ауруханалар жоғары сыныпты жабдықтар мен дәрі-дәрмектер сатып алады,- деді А.К.Жакешева.

Шара соңында тұрғындарға МӘМС туралы баспа өнімдері таратылды.









### **Мәмс жүйесін түсіндіру жұмыстары**

Жуырда №2 Ақтау қалалық емханасының директоры Б.Ж. Тулегенов «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның ұжымымен кездесіп, мұнайшыларға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

жүйесі жөнінде әңгімеледі. Олжұмыс беруші мен жұмыскерлерге қойылатын талаптар туралы, халықтың әр санатына жүргізілетін төлем критерийлері туралы толыққанды ақпарат берді. Кездесу соңында қатысқандарға МӘМС туралы баспа өнімдері таратылды.





## Медицина қызметкерлерін құттықтау

Сенбі күні медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күніне орай салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға қатысқан облыс әкімі Ералы Тоғжанов, дәрігерлерді төл мейраммен құттықтап, сала үздіктерін марапаттады. Олардың ішінде біздің емхана қызметкерлері: дәрігер-терапевт Құсайынова Әлия Сабыррахимқызы «Еңбек ардагері» медаліне, акушер-гинеколог дәрігері Бердиева Жұмагүл Қонақбайқызы «Денсаулық сақтауды дамытуға қосқан үлесі үшін» медаліне ие болды, ал Нұрғожаева Асылхан Қуанқызына «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы атынан Алғыс хат табыс етілді.

Салтанатты жиын соңы медицина қызметкерлері ұйымдастырған мерекелік бағдарламаға ұласты.













### **«Пайдалы медициналық кеңестер аллеясы» шарасы**

Медицина қызметкерлері кәсіби мерекесі қарсаңында Ақтау қаласының теңіз жағалауында «Пайдалы медициналық кеңестер аллеясы» атты шара өтті.

Шара барысында онколог, кардиолог, нарколог, жұқпалы аурулар дәрігері, уролог-дәрігері және №2 Ақтау қалалық емханасының терапевт, педиатр-дәрігерлері теңіз жағалауында серуендеп жүргенхалықты тегін тексеріп-қарап, оларға ақыл-кеңестерін берді. Мерекелі шараға келген адамдар артериалды қан қысымын өлшеп, қан құрамындағы қант пен холестериннің деңгейін біле алды, қажет еткендергерентгенографиялық зерттеу жүргізілді.


Бөлек шатырда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу жөнінде кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мерекелік шара үш сағатқа ұласты. Теңіз жағалауында серуендеп, демалып жүрген халық шараға қатысып, өз денсаулығына байланысты пайдалы кеңестер алып, уақыттарын тиімді пайдалана алды.

















## **МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ**

Әр адам үшін дәрігер мен кіші медицина персоналы мамандығы өте маңызды. Көбінесе біздің өміріміз бен біздің болашақ денсаулығымыз медицина қызметкерлеріне байланысты. Медицина қызметкерлері күнін тек дәрігерлер емес, өздеріне жүктелген міндеттерді сапалы және уақытылы атқаратын барлық медицина персоналы атап өтеді. Адам өмірін сақтап қалу және ұлт денсаулығы тікелей медицина персоналына байланысты.

Бүгін №2 Ақтау қалалық емханасының басшылығы ақ халатты абзал жандарды төл мерекесімен құттықтады. Өз сөзінде емхана директоры Тулегенов Бектібай Жаңабергенұлы былай деді: «Медицина қызметкерлері күні»- бұл жеке дәрігерлер мерекесі емес, бұл барлық медицина қызметкерлерінің күні. Ол: акушерлер, мейірбикелер, фельдшерлер, кіші медицина персоналы. Ешқандай да ең заманауи және күрделі құрылғы ілтипатты және жанашырлық адами қарым-қатынасты алмастыра алмайды. Әр медицина қызметкері халықтың игілігі үшін еңбек етеді. Медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметі аясы мейірімділік, рақымшылық, адамгершілік сынды адами құндылықтарға негізделеді. Медицина қызметкерінің кәсіпқойлығы, өз ісіне беріктігі, білімі мен шеберлігі, адам өмірі мен денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауы қоғамның тұрақты дамуының кепілі болып табылады». Құттықтау сөзінен кейін Б.Ж.Тулегенов бір топ емхана қызметкерлерін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады, тағы да бір топ қызметкерлеріне облыстық денсаулық сақтау басқармасының Алғыс хатын табыс етті.













## МӘМС түсіндіру бойынша кездесу

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университетінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың негізгі қағидаттарын түсіндіру бойынша кезекті кездесу жиыны өтті. Шара ұйымдастырушылары - «Нұр Отан» партиясының Маңғыстау облыстық филиалы мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

Кездесуге әлеуметтік сала ұйымдарының, медицина мекемелерінің, өңірдің кәсіподақ, өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер Палатасының басшылары, университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы қатысты.

№2 Ақтау қалалық емханасы директорының орынбасары Ақыл Қойшыбайқызы Жакешева қатысушыларға кездесу барысында сақтандыру жүйесі туралы толыққанды мәліметтер берді, соның ішінде: жұмыс беруші мен жұмысшыларға қойылатын талаптарға тоқталып, барлық санат азаматтарына төлем критерийлерін түсіндіріп өтті. Ол өз сөзінде: «Осылайша, әр сақтандырылған адам не ұтады? Ол- қол жетерлік ем, сапалы медициналық көмек, өз құқықтары мен мүддесін қорғау, өз денсаулығы туралы толық ақпарат. Мемлекет тегін медициналық көмек, жедел жәрдем көмегі мен санитариялық авиацияға, профилактикалық егулерге кепіл береді. МӘМС-дың үш негізгі қағидаты бойынша әр тұрғын жүйеге қатысуы керек, төленген жарна сомасына қарамастан әрбір сақтандырылған қатысушы қызметтердің толық топтамасын алуға құқығы бар және де денсаулықты сақтау ауыртпалығын тең дәрежеде мемлекет, жұмыс беруші және әр адам көтереді,- деді Ақыл Қойшыбайқызы.

Жиын барысында денсаулық сақтау саласының өкілдері де жиналғандардың сұрақтарына жауап берді. «Нұр Отан» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлімі басшысы М.Жайлыбеу түсіндірме жұмыстары облыстың әр елді мекенінде жүргізіліп жатқандығын айтып, кездесуді қорытындылады. Соңында кездесу қатысушыларына МӘМС туралы басылым өнімдері таратылды.







### **Өңірде облыс әкімі ералы тоғжановтың**

Өңірде облыс әкімі Ералы

Тоғжановтың тапсырмасы бойынша қайырымдылық акциясы басталды.

Акцияның мақсаты- Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына, көп балалы аналарға, сонымен қатар жалғыз тұратын қарияларға қолдау көрсету. Акцияға этно-мәдени бірлестіктер мен денсаулық сақтау басқармасының өкілдері және облыстық мәслихат депутаттары белсене қатысуда. Қайырымдылық акция сәуірдің 20-на дейін жалғасады.

Игі шара шеңберінде армян ұлттық – мәдени орталығының төрағасы Айрапет Курдоглян жалғыз тұратын Ефимова Римма Ивановна мен Панина Нинаға және 1 топ мүгедегі Асланханов Афганға азық-түлік өнімдерін табыстады, ал №2 Ақтау қалалық емханасының дәрігерлері мен медбикелері медициналық көмек көрсетті.

### **Мектептердегі тамақтандыру ісін ұйымдастыруды жетілдіру бойынша онкүндік.**

4 сәуір күні №2 Ақтау қалалық емханасының жасөспірімдер дәрігері Ж.К. Тлепберген № 13 орта мектеп оқушыларына " Тамақтану гигиенасы" тақырыбына лекция өткізді.





## **Сенбілік**

Бүгін, 1 сәуір күні емхана қызметкерлері әдеттегідей сенбілікке шықты. Әр бөлімше өздеріне қарасты тәлімдерде белсенді жұмыс істеді.











### **2017 жылдың 13-18 наурыз аралығында ақтау қаласы**

2017 жылдың 13-18 наурыз аралығында Ақтау қаласы, 24 шағын ауданында орналасқан Облыстық балалар ауруханасы ғимаратында "Балалар пульмонологиясының өзекті сұрақтары" атты көшпелі циклды мастер-класс (54сағат) ұйымдастырылды.

Көшпелі циклды Алматы қаласының "Ұлттық Ғылыми Балалар хирургиясы мен Педиатрия орталығының" дәрігері, облыстың педиатрия бойынша кураторы Ш.Наурызалиева өткізді. Осы циклда #2АҚЕ дәрігерлері тәжірибе алмасты.





## Міндетті сақтандыру жүйесінің түсіндіру.

Жалпы тәжірибе дәрігері Т.У.Нуртазаева міндетті сақтандыру жүйесінің негізгі қағидаларын түсіндіру мақсатында 14 орта мектеп ұжымымен кездесу өткізді









### **Сенбілік өткізу.**

2017 жылдың 25 наурыз күні жалпықалалық сенбілік ұымдастырылды №2 Ақтау қалалық емханасының қызметкерлері біркiсiдей атсалысып, емхана аумағына тазарту жұмыстарын жүргiздi.















### **Наурыз мерекесі тойлау.**


Наурыздың 17-де емханада салтанатты жиын өтті. Емхана әкімшілігі ұжымды мерекемен құттықтап, әр бөлімшеге сыйлықтар табыс өтті




## Ақтау қаласында 2017 жылғы 28 ақпанда житс-тың


Ақтау қаласында 2017 жылғы 28 ақпанда ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталығының (ЖИТС ОО) базасында АИТВ/ЖИТС пен ЖИТС-индикаторлы аурулардың алдын алу, эпидемиологиясы, клиникасы, емдеу мәселелері жөнінде облыстық семинар өткізілді. Облыстық семинарға № 2 АҚЕ директордың орынбасары, жауапты бөлім меңгерушісі және эпидемиолог дәрігер қатысты.











### **Туберкулездің алдын-алу бойынша ашық есік күні**

Республикамызда 2017 жылдың 24 ақпанынан 24 наурыз аралығында туберкулездің алдын-алу айлығы өтуде. Осы шара аясында 1 наурыз күні №2 Ақтау қалалық емханасында Ашық есік күні өтті, ал емхана қызметкерлері үшін семинар-сабақ ұйымдастырылды.







## Алғыс айту күні

Көктемнің бірінші күні елімізде дәстүрлі түрде Алғыс айту күні аталып өтеді. №2 Ақтау қалалалық емханасы мамандар бөлімінің басшысы А.Т.Сүгірбаева мен аға медбике С.Н.Ізмағанбетова емхана санитаркасы Күляш Алиеваға, (үш баланы жалғыз асырап отыр, өмірлік жолдасы өмірден озған) барып, оған қаржылай сыйлық және азық-түлік жинағын табыс етті.









## **Бронхиалды демікпе мектебі.**

2017 жылғы 22 ақпан күні №2 Ақтау қалалық емханасында жалпы тәжірибе дәрігері Э.С.Карабалина " Бронхиалды демікпе мектебінде" кезекті сабақ өткізді. Сабақ бронхиалды демікпенің пайда болуының қауіп-қатер факторлары мен себептеріне арналды.







### **Қант диабеті мектебінде.**

2017 жылғы 15 ақпан күні №2 Ақтау қалалық емханасында жалпы тәжірибе дәрігері Н.Н.Райымбердиева "Қант диабеті мектебінде" кезекті сабақ өткізді.





## **ҚР Президенті Н.А.Назарбаевтың жолдауын талқылау**

2017 жылдың 10 ақпанында облыстық қан орталығының мәжіліс залында Елбасы Н.А.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын талқылауға арналған жиын өтті.

«ҚР Президенті Жолдауының бес негізгі басымдықтары» атты баяндамасымен №2 Ақтау қалалық емханасы директорының ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары А.К.Жакешева сөз алды. №1 Ақтау қалалық емханасының директоры О.Т. Жумалиева өз сөзінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды еңгізу мәселелеріне тоқтады.

№2 Ақтау қалалық емханасының заңгері  
А.Т.Сактаганова болашақтағы конституциялық реформалар туралы әңгімеледі.







### **Ашық есік күні.**

2017 жылдың 3 ақпанында Дүниежүзілік обырға қарсы күрес күні қарсаңында №2 Ақтау қалалық емханасында Ашық есік күні өтті. Қаламыздың әйел азаматшалары скринингтік зерттеулерден өтіп, маммолог- дәрігер Б.Д.Раманкуловтың кеңесін алды.





## "ҚАУІП-ҚАТЕР"

Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтердің алдын алу жөніндегі Жобаны іске асыру барысындағы алынған сауалнамалар қорытындысы бойынша анықталған "қауіп-қатер" тобының балаларымен әрі қарай сапалы жұмыс жүргізу үшін мектеп және колледж психологтары, қалалық емханаларының жалпы тәжірибелік дәрігерлеріне арналған дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстелге № 2 АҚЕ директоры, орынбасары және де мектеп психологтары мен жалпы тәжірибелік дәрігерлер қатысты.









### **Бронхиалды демікпе мектебі.**

2017 жылғы 20 қантар күні №2 Ақтау қалалық емханасында жалпы тәжірибе дәрігері Н.У.Карибаева "Бронхиалды демікпе мектебінде" кезекті сабақ өткізді. Сабақ бронхиалды демікпенің пайда болуының қауіп - қатер факторлары мен себептеріне арналды.

Дәрігер тыңдаушыларға бронхиалды демікпенің дамуының механизмдері, сондай-ақ бронхиалды демікпе дамуының аллергиялық және аллергиялық емес себептері туралы толық әңгемелеп берді. Сабақ барысында тыңдаушылар өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, оларға нақты жауаптар алды.





Жаңа жыл мерекесі!

















Мадақтамалар табыстау

16 желтоқсанда қазақстандықтар елдің басты ұлттық мерекесі -Тәуелсіздік күнін атап өтеді.Осыдан тура 25 жыл бұрын «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы қабылданған болатын.

Тәуелсіздік күні қарсаңында №2 Ақтау қалалық емханасының директоры Тулегенов Бектібай Жаңабергенұлы салтанатты түрде емхана ұжымын Тәуелсіздік күнімен құттықтап, зор денсаулық пен еңбекте табыс тіледі. Құттықтау барысында көп жылдар бойы адал еңбегі үшін директордың балалар бойынша орынбасары Ж.К.Шаңытбаеваға Гиппократ медалі табысталды. Сондай-ақ емхана қызметкерлері мадақтау қағаздарына ие болды.







**"Шала туылған балаларды тамақтандыру проблемасы және оны шешу жолдары"**

2016 жылғы 24 қараша сағат 14-00де, Ақтау қаласы, Облыстық перинаталдық орталығының конференц-залында С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің дипломнан кейінгі білім жетілдіру факультетінің доценті, м.ғ.к., дәрігер-неонатолог, гастроэнтеролог Ақбота Тохтаргазыновна Каримханованың қатысуымен "Шала туылған балаларды тамақтандыру проблемасы және оны шешу жолдары" атты дөңгелек үстел өткізілді. № 2 Ақтау қалалық емханасының дәрігерлері пікір таласты.









## **ИНСУЛЬТ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҮЙЛЕСТІРУ ОРТАЛЫҒЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ**

Инсульт проблемалары жөніндегі республикалық үйлестіру орталығының директоры Адильбеков Е.Б.Ақтауға жұмыс сапарымен келді.Сапар барысында ол облыстық аурухана және №2 Ақтау қалалық емханасын аралап, скрининг, салауатты өмір салтын қалыптастыру және алғашқы медициналық көмек кабинеттері қызметімен танысты.

Сонымен бірге психолог және жалпы тәжірибе дәрегерлерінің жұмысына ерекше назар аударды.

### **Ержан Боранбайұлы:**

Менің Маңғыстауға келу сапарымның басты мақсаты- қазіргі инсультқа қарсы қызмет жүйесіне талдау жүргізу. Бастапқы кезеңде біз жедел жәрдем және емхана стационары жұмысына талдау жүргізіп, осал жерлерімізді табамыз. Жыл сайын елімізде 40 мыңға жуық адам инсультқа шалдығады. Қазіргі таңда инсульт алған 200 мыңға жуық науқас 1 және 2 топ мүгедектері болып табылады. Біздің орталық инсульт ауруының алдын алу, дертке шалдығу, осы кеселден өлім-жітім жағдайларымен айналысады. Біздің мақсатымыз- елімізде инсульт дертіне шалдығу деңгейін төмендету.







## **"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАУІПСІЗ ИММУНДАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ"**

Дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру және тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында, 2016 жылғы 25 қараша Ақтау қаласы, Облыстық қан орталығының конференц залында "Қазақстан Республикасында қауіпсіз иммундау жүйесін жетілдіру" тақырыбына көшпелі республикалық семинар өткізілді.



SAWCH

3


... ..  
... ..  
... ..  
... ..

... ..  
... ..  
... ..

... ..  
... ..  
... ..









## Данышпан- 2016

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдастыруымен "Данышпан -2016" атты медицина қызметкерлері арасында интеллектуалды ойын өткізілді. №2 Ақтау қалалық емханасынан "Абзал жандар" деген команда қатысты.

Біздің команда өздерінің біліктілігін, ұйымшылдығын, интеллектуалдылығын көрсетіп, II орынға ие болды. Топ басшысы М.С. Челябин " Үздік капитан" номинация алды











### **Темекіден бас тарту**

2016 жылы 24 қараша күні №2 Ақтау қалалық емхананысының жалпы тәжірибелі дәрігері Қ.У. Абдуллаева Назарбаев интеллектуалды мектебінде 8 сынып оқушыларына "Темекіден бас тарту" туралы сабақ өткізді.









**Дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру және тұрғындарға көрсетілетін**

Дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру және тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілі Мелита Вуйновичтің 31.10.2016 ж. № 319-16 хаты негізінде, 2016 ж 16 қараша Ақтау қаласы, "Grand Hotel Vicroty" қонақ үйінің конференц залында антибиотиктерді тағайындау кезінде пациенттермен жұмыс жасай білу коммуникативті дағдылары бойынша семинар өткізілді. Бұл семинарға № 2 АҚЕ дәрігерлері мен бөлім меңгерушілері қатысып, пікірлерімен алмасты.












Дүниежүзілік житс-пен күрес күні.





### **Дүниежүзілік темекімен күрес күні.**

2016 жылы 14 пен 23 қараша аралығында "Дүниежүзілік темекімен күрес күніне" орай онкүндік өткізілді. Онкүндік аясында №2Ақтау қалалық емханасының жалпы тәжірибелік дәрігері М.С. Челябин №10 орта мектебінің 9- сынып оқушыларына темекінің зияны туралы сабақ өткізді.





### **Дүниежүзілік қант диабетімен күрес күні.**

Қант диабеті - ұйқыбез жеткілікті мөлшерде инсулинді өндірмейді немесе ағза тиімді қолдана алмаған жағдайда дамиды деп созылмалы ауру.

2016 жылы 16 қарашада №2 Ақтау қалалық емханасында "Дүниежүзілік қант диабетімен күрес" күніне орай іс-шара аталып өтті. Қант диабеті мектебінде жалпы тәжірибелік дәрігер А.К.Есеева диабетпен ауыратын науқастарға тиімді тамақтану, дене белсенділігін арттыру, диабеттің асқынулары туралы денсаулық сабағын өтті.

Жалпы тәжірибелік дәрігер А.М. Маликова №28 орта мектепте қант диабетінің алдын алу туралы сабақ өткізді.







**Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтары  
"Мейірбике" колледжінде.**

2016 жылғы 9 қарашада № 2 Ақтау қалалық емханасының жасөспірімдер дәрігері Ш.У. Ермағамбетова міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидаларын түсіндіру мақсатымен "Мейірбике" колледжінде лекция өткізді.





## **Дарын" облыстық мектеп-интернатында ммсж туралы лекция өткізу.**

2016 жылғы 11 қарашада №2 АҚЕ жасөспірімдер дәрігері Ш.У.Ермағамбетова "Дарын" облыстық мектеп-интернатының 8"А" сынып оқушыларына міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің артықшылықтары туралы лекция өткізді.





## **МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ.**

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидаларын түсіндіру мақсатында жасөспірімдер дәрігері Ж.К. Тілепбергел 2016 жылғы 2 қарашада Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжінде лекция өткізді.







## 29 қазан- дүниежүзілік инсультпен күрес күні.

Жыл сайын 29 қазанда Дүниежүзілік инсультпен күрес күні аталып өтеді. Осыған орай №2 Ақтау қалалық емханасында кардиолог дәрігерлер А.Ш. Балтаева мен Г.Г.Нуркабаева және невропатолог дәрігер М.Е.Турганова қатысуымен Ашық есік күні өтті.

Бұл күні емхана келушілері қан және көз ішіндегі қысымынды өлшеп, қанның құрамындағы қант пен холестериннің деңгейін анықтау мақсатында талдаулар тапсырып, кардиолог- дәрігер мен невропатолог дәрігердің кеңесін алды.









## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИДТІ АЛДЫН АЛУ**

№2 Ақтау қалалық емханасында 2016 жылдың 28-31 қазан аралығында жалпы тәжірибе дәрігерлері арасында "Суицидтің проблемалары. Қазақстан Республикасындағы кәмілетке толмағандар арасындағы суицидті алдын алу" тақырыбында оқыту семинар өткізілді.

Семинарды Облыстық психо-неврологиялық диспансердің психиатр- дәрігерлері Г.Б.Айтжанова және Ж.И.Аккенжиева өткізді.







## **"МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ"**

2016 жылғы 24 қазанда № 2 ЖТД бөлімшесінің меңгерушісі Б.А.Утеева ОМИ "Дарын" ұжымымен кездесіп, "Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің мүмкіндіктері" тақырыбына дөңгелек үстел өткізді.



## "Қазақстандағы медицина - емдейміз бе, табыс табамыз ба?"

2016 жылғы 25 қазанда директордың балалар жөніндегі орынбасары Ж.К.Шанытбаева Қазақстан Коммунистік Халық партиясы Маңғыстау облыстық филиалы ұымдастырған "Қазақстандағы медицина - емдейміз бе, табыс табамыз ба?" атты дөңгелек үстел жұмысына қатысты. Дөңгелек үстел қазақстандық медицинаның өзекті мәселелеріне арналды.







## **" ӨЗ ҚАН ҚЫСЫМЫНДЫ БІЛ" АКЦИЯСЫ**

Қыркүйек айының 28-ші жұлдызында облыстық СӨСҚО бірлесіп Сары базар аймағында " Өз қан қысымынды біл" акциясы өткізілді. Акция барысында " №2 АҚЕ" №5 ЖПД бөлімшесінің дәрігері М.С.Челяеа облыс орталығының барлық тұрғындары мен қонақтарының артериалды қан қысымын өлшеп, кеңес берді. Соңында барлықтарына жадынама мен кітапшалар таратылды.







## Ашық есік күні

2016 жылғы қыркүйектің 19 - 28 аралығында Дүниежүзілік жүрек Күніне арналған қан айналымы жүйесі ауруларын алдын алу бойынша онкүндік өтуде.

Онкүндік аясында қыркүйектің 21- нде "№2 АҚЕ" Ашық есік күні өтті. Емхана холында барлық келушілердің артериалды қан қысымы, салмағы және бойы өлшенді. Дәрігерлер келушілерге қан айналымы жүйесі ауруларын алдын алу бойынша кеңес берді және жадынымы мен кітапшалар таратылды








## АГ ЖӘНЕ ЖИА МЕКТЕБІНДЕ

Бүгін, 2016жылғы 14 қыркүйек күні № 2 Ақтау қалалық емханасында "АГ және ЖИА мектебінде" кезекті сабақ өтті. Сабақ барысында ортақ тәжірибенің дәрігері Э.С.Карабалина артериалды гипертония ауруының даму себептері мен тәуекел факторлары туралы қатысушыларға әңгімеледі. Сабақ соңында қатысушыларға ақпараттық материалдар таратылды



## "ҚАНТ ДИАБЕТІ МЕКТЕБІНДЕ"

2016 жылғы 13 қыркүйекте № 2 Ақтау қалалық емханасының эндокринолог дәрігері А.Б.Мусаева "Қант диабеті мектебінде" қант диабетінің асқынуларын алдын алу бойынша сабақ өткізді.



## АГ МЕКТЕБІ

**Артериялық гипертония** - алдамшы ауру, ол бірте-бірте өзінің жүрек-қан тамырлары жүйесін бұзатын адамның назарынан тыс пайда болуы мүмкін. Нәтижесінде - жады және интеллектуалдық қабілеттерін жоғалту, ұйып, стенокардия, инсульт, инфаркт ...

**Гипертония** созылмалы ауру болып саналады, науқастың бақылау тұрақты болуы және құзыретті терапия, сонымен қатар көптеген жылдар бойы денсаулық сақтау және адам қызметінің жақсы жағдайын қамтамасыз ету үшін өмір салты өзгерістер (диета, спорт) бойынша іс-шаралар түрлі ғана емес қамтуы тиіс. Осыған байланысты әрбір айдың екінші сейсенбісі №2 Ақтау қалалық емханада АГ мектебі өткізіледі. АГ ауруы бойынша әрбір адам осы сабақтарға қатысып барлық ақпаратты алады.







**ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ВИЦЕ-МИНИСТРІ АЛЕКСЕЙ ЦОЙ АРНАЙЫ ІССАПАРМЕН МАҢҒЫСТАУҒА КЕЛДІ.**

Бүгін ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Алексей Цой арнайы іссапармен Маңғыстауға келді. Жергілікті билік өкілдерімен бірге шаһарымыздағы №2 Ақтау қалалық емханасының тыныс-тіршілігімен танысты.





